

Жетісай ауданы бойынша елді мекендердің шекараларын өзгерту туралы

Бірлескен Түркістан облысы Жетісай ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 9 қазандағы № 812 қаулысы және Түркістан облысы Жетісай аудандық мәслихатының 2019 жылғы 9 қазандағы № 20-122-VI шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментіне 2019 жылғы 28 қазанда № 5229 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер Кодексінің 108 бабының 1, 5 тармақтарына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылышы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 12 бабының 3) тармақшасына сәйкес, Жетісай ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ және Жетісай аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жетісай ауданының жер қатынастары бөлімі және Жетісай ауданының сәулет және қала құрылышы бөлімінің бірлескен ұсынысына сәйкес Жетісай ауданы бойынша шекаралары өзгертілсін:

1) 118,32 гектар жер участкесі Қазыбек би ауылдық округі Қазыбек би елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 406,83 гектар;

2) 24,02 гектар жер участкесі Қазыбек би ауылдық округі Алғабас елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 127,14 гектар;

3) 65,28 гектар жер участкесі Қарақай ауылдық округі Сәтпаев елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 229,70 гектар;

4) 37,85 гектар жер участкесі Қарақай ауылдық округі Кетебай елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 115,26 гектар;

5) 11,65 гектар жер участкесі Қарақай ауылдық округі Қараөзек елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 124,48 гектар;

6) 3,96 гектар жер участкесі Жылы су ауылдық округі Әль-Фараби елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 133,01 гектар;

7) 28,50 гектар жер участкесі Жаңа ауыл ауылдық округі Атақоныс елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 189,93 гектар;

8) 26,10 гектар жер участкесі Жаңа ауыл ауылдық округі Жаңа ауыл елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 221,05 гектар;

9) 23,78 гектар жер участкесі Жаңа ауыл ауылдық округі Қарой елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 151,86 гектар;

10) 29,59 гектар жер участкесі Жаңа ауыл ауылдық округі Әбдіхалық елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 155,99 гектар;

11) 27,98 гектар жер участкесі Жаңа ауыл ауылдық округі Ынтымақ елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 297,04 гектар;

12) 36,83 гектар жер участкесі Қызылқұм ауылдық округі Первомайское елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 101,86 гектар;

13) 1,87 гектар жер участкесі Қызылқұм ауылдық округі Қарасақал елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 50,36 гектар;

14) 72,42 гектар жер участкесі Атамекен ауылдық округі Атамекен елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 193,39 гектар;

15) 8,48 гектар жер участкесі Абай ауылдық округі Алтын кемер елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 79,89 гектар;

16) 15,34 гектар жер участкесі Абай ауылдық округі Атажұрт елді мекені шегін енгізіле отырып, жалпы ауданы 15,34 гектар;

17) 9,37 гектар жер участкесі Ж.Ералиев ауылдық округі Бәйтерек елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 141,81 гектар;

18) 1,99 гектар жер участкесі Ж.Ералиев ауылдық округі Абай елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 174,32 гектар;

19) 3,41 гектар жер участкесі Ж.Ералиев ауылдық округі Дихан елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 14,73 гектар;

20) 1,50 гектар жер участкесілері Ж.Ералиев ауылдық округі Жазықсай елді мекені шегіне енгізіле отырып, жалпы ауданы 40,01 гектар.

2. "Жетісай аудандық маслихат аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бірлескен қаулы мен шешімнің "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі Түркістан облысының Әділет департаменті" Республикалық мемлекеттік мекемесінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бірлескен қаулы мен шешімнің мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Жетісай ауданының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы бірлескен қаулы мен шешімді Жетісай ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім оның алғашқы жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ж.Бейсенбаев

Аудандық мәслихат

Е.Әлімханов

сессиясының төрагасы

Ә.Утанов

Аудандық мәслихаттың хатшысы